



мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, азық-түлікке бағаның қымбаттауына байланысты мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмектің қосымша шараларын көрсету мақсатында ә з і р л е н д і .

2. Азық-түлікке бағаның қымбаттауына байланысты мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек (бұдан әрі – әлеуметтік көмек) Астана қаласында тіркелген және тұрақты тұратын азаматтардың мына санаттарына:

1) табысы аз азаматтар (отбасылар) – атаулы әлеуметтік көмек және (немесе) он сегіз жасқа дейінгі балаларға тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы алуға құқығы бар, еңбекке жарамды жастағы жеке т ұ л ғ а л а р ;

2) жасы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға ұсынылады .

3. Әлеуметтік көмектің қаржыландыру көзі Астана қаласының бюджеті б о л ы п т а б ы л а д ы .

4. Әлеуметтік көмек «Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі әкімші (бұдан әрі – Әкімші) болып табылатын «Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек» бюджеттік бағдарламасына сәйкес және қала бюджетінде осы мақсаттарға көзделген қ а р а ж а т ш е г і н д е ұ с ы н ы л а д ы .

5. Әлеуметтік көмек көрсету үшін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Астана қаласының қалалық филиалы ай сайын Қағиданың 2-тармағында көрсетілген санаттарға жататын азаматтар жөніндегі мәліметтерді Әкімшіге ұсынады (электрондық және қағаз жеткізгіштерде).

6. Әлеуметтік көмек 2014 жылдың 1 сәуірінен 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ақшалай қаражатты Астана қаласының екінші деңгейдегі банктері бөлімшелеріндегі алушылардың дербес немесе карталық шоттарына аудару арқылы жүргізіледі.